



Автор: БАЙЖАНОВА АЙГУЛЬ АСКАРОВНА

Пән: Қазақ әдебиеті

Сынып: 8-сынып

Бөлім: Махаббат және абырой

Тақырып: «Бақытсыз Жамал» романындағы кейіпкерлер

Оқу мақсаттары (оқу бағдарламасына сілтемеу):	8.1.3.1 көркем шығармадағы кейіпкерлерді сомдауда тура және жанама мінездеулерді жіктеу;
Сабақтың мақсаты:	Тақырыптағы негізгі ойды анықтау, көтерілген мәселеге баға беріп, мәліметтер мен пікірлерді өңдей білу;
Тілдік мақсаттар:	Оқушылар орындай алады: Кестелер толтыра алады, өз көзқарастарын білдіреді, ой қорытынды жасайды. Пәнге қатысты сөздік қор мен терминдер: тура және жанама мінездеу, кейіпкерді сомдау.
Күтілетін нәтиже:	Барлығы: Шығарманың мазмұнын таниды. Басым бөлігі: Шығарманы талдап, сюжеттік желілерін анықтай алады. Кейбірі: Кейіпкерлерді сомдауда мінездеулерді жіктей алады.
Бағалау критерийлері:	Әдеби туындыдағы кейіпкердің типтерін тек тұрғысынан сипаттайды. Өз көзқарасын білдіреді.
Құндылықтарды дарыту:	• Өзін де, өзгені де сыйлау. • Ынтымақтаса жұмыс жүргізу. • Ой-пікірін ашық жеткізу. • Ұлттық және адами құндылықтарға деген құрмет. • Шығармашылық.
АКТ-ны қолдану дағдылары:	Слайдтар. https://bilimland.kz/kk/plans/create
Пәнаралық байланыс:	Қазақ тілі, тарих, география, өзін-өзі тану
Бастапқы білім:	Әдеби шығарманың идеясы мен пафосын ұлттық мүдде тұрғысынан ашу.

Сабақ барысы

Сабақ кезеңдері	Жоспарланған іс-әрекет	Ресурстар
Сабақтың басы (5 минут)	Қызығушылықты ояту . □ Дүниедегі барлық нәрсеге не қажет? (Атау,есім) □ Өзі менің әкемнің баласы, бірақ маған аға да, іні де емес.Бұл кім болғаны? (Мен өзім). «Жартыңды тап» Мақал-мәтелдердің сыңарлары жазылған парақшалар арқылы топтасады. 1.Оқу – білім бұлағы, Білім – өмір шырағы. 2.Асыл – тастан, Ақыл – жастан. 3. Білекті бірді жығады, Білімді мыңды жығады. (3 топқа бөлінеді)	Мақалдар жазылған парақшалар

Сабақкезеңдері	Жоспарланған іс-әрекет	Ресурстар
Сабақтың ортасы (30 минут)	1-тапсырма. Жеке жұмыс. «Кейіпкерді атаймыз» Роман кейіпкерлерін еске түсіру. 1. Сәрсенбай шаңырағына шыр етіп дүниеге келген сәбидің есімі? (Жамал) 2. Жамалдың анасының есімі кім? . (Шолпан) 3. Жамалдың оқытушысының есімі кім? (Ғазиз) 4. Сәрсенбай өз қызын қай байдың ұлына ұзатады? (Байжан) 5. Байжанның ұлының есімі және жасы нешеде? (Жұман , жасы-17) 6. Жамал жиын- тойда қандай жігітті кездестіреді? (Ғали) 7. Ғали Жамалды алып қашып кімнің үйінде паналайды? (Фатихолла) 2-тапсырма. Топтық жұмыс. «Т» кестесі «Жамал трагедиясы – бүкіл халықтық трагедия ма, әлде бір қыздың бас қайғысы ма?» мәселесі негізінде Т сызбасын толтыртып және топта талқылату. Халықтық трагедия Жеке бастың қайғысы Дескриптор: - Ұсынылған пікірді өз сөзімен өрбітеді. - Пікірді мысалмен дәлелдейді. - Қорытынды жасайды. 3-тапсырма. Жұптық жұмыс. «Кейіпкерге мінездеме» Кейіпкерлерге портреттік мінездеме беру. Кейіпкер Тура мінездеу Жанама мінездеу Сәрсенбай Шолпан Жамал Ғали Жұман Дескриптор: - кейіпкердің портреттік мінездемелерін жазады. - кейіпкер туралы ой қорытындысын жеткізеді. 4-тапсырма.Топтық жұмыс. «Бірге талқылаймыз» Жамалдың мінезіне байланысты берілген анықтамаларды дәлелдеу үшін шығармадан үзінділерді тауып, талдау. Мінез ерекшелігі Шығармадан үзінді Менің ойымша... Мақсаты бар Зерек, оқуға бейім Ақылды Ақын Дескриптор: - өз пікірін дәлелдеуде үзіндіні орынды қолданады. - үзінді бойынша қорытынды шығарады.	А4-парақшалары Кестелер
Сабақтың соңы (2 минут)	"Менің пікірім" Оқушылар шығармаға сүйене отырып, өз пікірін білдіреді. Автор Жамалдың бейнесін ашуда қандай сөздер қолданған?	Стикер
Рефлексия (3 минут)	Кері байланыс « Мен үшін» Оқушының аты-жөні Сыныбы Пәні Сабақтағы жетістігім Сабақтағы жаңалық Сабақта ұнаған тәсіл Сабақтағы басты қиындық	Кері байланыс парақшасы